"ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҚАРЖЫ МИНИСТРЛІГІ
ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТКОМИТЕТІНІҢ
ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ БОЙЫНША
ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ
ДЕПАРТАМЕНТІ"РЕСПУБЛИКАЛЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

РЕСПУБЛИКАНСКОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ
УЧРЕЖДЕНИЕ "ДЕПАРТАМЕНТ
ВНУТРЕННЕГО ГОСУДАРСТВЕННОГО
АУДИТАПО ТУРКЕСТАНСКОЙ
ОБЛАСТИКОМИТЕТА ВНУТРЕННЕГО
ГОСУДАРСТВЕННОГО АУДИТА
МИНИСТЕРСТВА ФИНАНСОВ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН"

160002, Шымкент қ., Водопьянов көшесі, 14-ғимарат
Тел.: 8 (7252) 35-06-06, факс: 35-10-01
ММ код 2170025, СТН 582100008585, ИИК KZ 92070101 KSN 0000000 0000000
ОҚО бойынша Қазынашылық Департаменті БСН 000440001616

160002, г. Шымкент, ул. Водопьянова, 14-здания
Тел.: 8 (7252) 35-06-06, факс: 35-10-01
Код ГУ 2170025, РНН 582100008585, ИИК KZ 92070101 KSN
Департамент Казначейства по ЮКО БСН 000440001616

25.03.2021-ғы № 03-18/1320 шығыс хаты

«D-Grand Atlantic» ЖШС

Түркістан облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаменті (*бұдан әрі - Департамент)* тарапынан, Сіздің 28.02.2021 жылғы №№88865, 88546 санды өтініштеріңізге сәйкес,«Қазығұрт аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесімен (бұдан әрі - Ұйымдастырушы) ұйымдастырылған №5302051-2 «Түркістан облысы, Қазығұрт ауданы, Шарапхана ауыл округі, Майлыошақ елді мекенінің электр жүйелері құрылысы», №5301908-2 «Түркістан облысы, Қазығұрт ауданы, Жанабазар ауылдық округі, Тілектес елді мекеніндегі электр жүйелерінің құрылысы» (бұдан әрі - Конкурс) ашық конкурстарының заңдылығына камералдық бақылау жұмыстары жүргізіліп келесілер анықталды.

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы ҚРЗ «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 9 бабының 1) және 4) тармақтарына сәйкес, әлеуетті өнім берушілерге мынадай біліктілік талаптары қойылады:

1) құқық қабілеттілігінің (заңды тұлғалар үшін), азаматтық әрекетке қабілеттілігінің (жеке тұлғалар үшін) болуы;

4) мемлекеттік сатып алу туралы шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін жеткілікті материалдық, еңбек және қаржы ресурстарының болуы;

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 2), 4) және 5) тармақшаларында көзделген біліктілік талаптары мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларында айқындалатын тәртіппен белгіленеді.

Сонымен қатар, конкурстық құжаттаманы зерделеу барысында, конкурстық құжаттаманың 1-2 қосымшасы әлеуетті өнім берушіге ұсынылған біліктілік талаптарының (Құрылыс-монтаж жұмыстары және жобалау жұмыстары саласындағы жұмыстарды мемлекеттік сатып алуды) 4 бөлігіне сәйкес, материалдық және еңбек ресурстарына ие болу осы қосымшаның 1-тармағында көзделген, Қазақстан Республикасының рұқсат беру және хабарландыру туралы заңнамасына сәйкес берілген тиісті рұқсатпен (хабарламамен) расталады делінген.

Сондай-ақ, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 16 шілдедегі «Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы» Заңының 32 бабының 1-ші және 2-ші тармақтарына сәйкес, сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы жекелеген қызмет түрлері Қазақстан Республикасының рұқсаттар және хабарламалар туралы заңнамасына сәйкес лицензиялануға жатады.

25.03.2021 ЭҚАБЖ МО (7.23.0 нұсқасы)

Сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы жобалау қызметін және құрылыс-монтаж жұмыстарын жүзеге асыру үшін жеке және заңды тұлғалар мынадай санаттарға бөлінеді:

I санат – осы тармақта аталған, қолда бар лицензиясы шеңберінде барлық жауапкершілік деңгейлеріндегі объектілерде қызметті жүзеге асырады;

II санат – осы тармақта аталған, екінші және үшінші жауапкершілік деңгейлеріндегі объектілерде қызметті, сондай-ақ қосалқы мердігерлік шарттары бойынша қолда бар лицензиясы шеңберінде бірінші жауапкершілік деңгейіндегі объектілерде жұмыстарды жүзеге асырады;

III санат – осы тармақта аталған, техникалық қиын емес екінші және үшінші жауапкершілік деңгейлеріндегі объектілерде қызметті, сондай-ақ қосалқы мердігерлік шарттары бойынша қолда бар лицензиясы шеңберінде бірінші және екінші жауапкершілік деңгейлеріндегі объектілерде жұмыстарды жүзеге асырады.

Осыған орай, әлеуетті өнім берушілер конкурстық өтінімдерінде рұқсаттың (хабарламаның) электрондық көшірмелерін ұсынған жағдайда конкурстық құжаттаманың біліктілік талаптарына сай деп танылады.

Камералдық бақылау барысында, әлеуетті өнім беруші «Андас-групп» ЖШС-нің конкурстық өтінімінің біліктілік туралы мәліметінде рұқсаттың (хабарламаның) электрондық көшірмелері ұсынғаны анықталды.

Жоғарыдалардың негізінде, Сіздің өтінішіңіздегі уәждемелер өз дәлелін таппағанын мәлімдейміз.

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 12 қаңтардағы № 221 «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Заңының 12 және 14 баптарына сәйкес қабылданған шешімімен келіспеген жағдайда, сіздің жоғары тұрған органға немесе сотқа жүгінуге құқығыңыз бар.

ҚР «Мемлекеттік сатып алу туралы» 2015 жылғы 4 желтоқсандағы №434-V ҚР Заңының 47-бабының 9-тармағына сәйкес дауларды сотқа дейін реттеу тәртібі міндетті болып табылады.

Басшының орынбасары **Т.Тултебаев**

Орындаған. Бейсенбай К.У.
Тел: 35-00-35

Келісілген О.Ажибеков